ИП«Береке»

Берішбаева Гүлнәр

Татайқызы

Қазақстан Республуликасы

Маңғыстау облысы

Инд130300,Қарақия ауданы

Құрық селосы, 2 шағын аудан ,47үй,7 пәтер

ИП «Береке»

Берішбаева Гүлнәр

Татайқызы

Республика Казахстан

Мангистауская область

инд 130300,Каракиянский район

село Курык, 2 мкр, 47 дом, 7 кв

Исх № 9 18.03.2026 г

«ҚазАвтоЖол Ұлттық компаниясы » Акционерлік қоғамы

Дара кәсіпкер Береке, ЖСН 600501405135
ҚР,Маңғыстау облысы,Каракия ауданы,
Курык селосы , 2 шағын аудан,47 үй ,7 пәтер
berishbaeva@mail.ru
+7/778/3875352

Қарсылық

Мемлекеттік сатып алу порталында жарияланған №163981148 20.02.2026 жылғы «Ғимараттарды/құрылыстарды/жайларды және оларға іргелес аумақтарды (СГУ) күтіп-ұстау қызметтері» бойынша өткізілген тендерге байланысты ЖК «Нисанов К.Ш» пен «Hayat Business Ltd» ЖШС-гі тарапынан жазылған шағымдарға төмендегідей Қарсылығымды білдіремін:

ЖК «Нисанов К.Ш.» арызы бойынша:

Материалдық ресурстар бойынша ұсынылған келісім-шарттарда /Договор аренды№02 от1.01.2026г, жалға беруші Халелов Айдос Тулыбаевич.Договор аренды №01 от 1.01.2026г,жалға беруші Әділханов Абай Маркусулы/ жеке тұлғалардың тек қолдары қойылған, басқа жеке басын анықтайтын деректер көрсетілмеген. Келісім-шарт заңды құжат болып табылады. Тек аты-жөні мен қолы бар құжат дұрыс ресімделмеген болып саналады.

Жалға берушінің жеке деректерінің көрсетілмеуі бұл тұлғаның бар екендігін және олардың әрекет қабілеттілігін тексеруді мүмкін емес етеді.

Осыған байланысты жалға берушіні нақты анықтау мүмкін емес,келісім шарттардың **шынайылығы** күмән тудырады.

ҚР Қаржы министрінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 1253 бұйрығымен бекітілген «Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда,квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру қағидаларының» /бұдан әрі Қағида/ 11 бөлімінде әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптарына және тендерлік құжаттама талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тендерге қатысуға өтінімдерді қарау кезінде тендерлік комиссия: тендерге қатысуға өтінімдерді қарауды, бағалауды және салыстыруды оңайлату үшін веб-портал арқылы әлеуетті өнім берушілерден олардың өтінімдеріне байланысты материалдар мен түсіндірулерді жазбаша нысанда және (немесе) электрондық құжат нысанында сұратады делінген.

Тендерлік комиссия тарапынан әуелетті өнім берушілер конкурстық өтінімдерін талапқа сай толықтыру үшін №17152325 05.03.2026ж алдын-ала рұқсат беру хаттамасы жіберілген.

Алдын-ала рұқсат беру хаттамасы-бұл қатысушылардың өтінімдері біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі туралы комиссияның құжаты.

Алайда , ЖК «Нисанов К.Ш.» өз тарапынан құжаттарын толықтыру үшін /жалға берушілердің жеке куәліктерінің көшірмесін салу/ шара қолданбаған. Қазақстан Республикасында мемлекеттік және квазимемлекеттік сатып алу кезінде қатысушылардың құқықтары қорғалған.Қатысушы сатып алу рәсіміне байланысты шешімдерге қарсылық білдіре алады.Алдын ала рұқсат беру хаттамасымен келіспеген жағдайда, тендерлік комиссияға хаттаманы қайта қарау жөнінде талап қоя алады. ЖК «Нисанов К.Ш.тарапынан талап қойылмаған.

«Hayat Business Ltd» ЖШС-гінің арызы бойынша:

Су таситын автокөлік техникасы «Алтын Құрық»ЖШС-нің атымен тіркелген, қазіргі уақытта компанияның атауы “Altynzhol Group”болып өзгертілген.Аталған өзгерісті растайтын тіркеу туралы куәлік қоса тіркелген.Техникаға қатысты барлық құжаттар жалға беру шарты, техникалық паспорт жарамды және тендер талаптарына толық сәйкес келеді.

Ұлттық әл-ауқат қоры мен Ұлттық әл-ауқат қорының ұйымдарын қоспағанда, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуын жүзеге асыру қағидалары бойынша,заңды тұлғаның атауының өзгеруі құжаттардың заңдылығына әсер етпейді. Осы негізде шағым заңдық негізге ие емес және ДК Берекенің тендерлік ұсынысы толық сәйкес келеді.

Жоғарыда айтылғандарды назарыңызға бере отырып, № 16398148-1 тендер бойынша жасақталған № 16398148-ОТ1 -Қорытындылар туралы хаттаманы өзгеріссіз қалдыруыңызды сұраймын.

ДК Береке /Берішбаева Гүлнәр Татайқызы/ Берішб

БЕРЕКЕ